

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 642 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19, 23-құжаттар; 2005 жылғы 18 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 11 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Инвестиция мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 4 мамырдағы Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5-баптың екінші бөлігінде "Аталған әрекеттің" деген сөздер "Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген әрекеттің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жұмсартатын заңның кері күші болады, яғни осы заң қолданысқа енгенге дейін жасалған құқық бұзушылықтарға қолданылады.";

3) 9-баптың бірінші бөлігінде:

"қолданылатын" деген сөздерден кейін "әкімшілік-құқықтық" деген сөздермен толықтырылсын;

"әкімшілік жазаға" деген сөздерден кейін ", әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларына немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 11-баптың тақырыбында "Азаматтардың" деген сөз "Жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16 - бапта;

үшінші бөлік "ұсталған" деген сөзден кейін "жеке тұлғаға" деген сөзбен толықтырылсын;

сегізінші бөлікте "азаматқа" деген сөз "жеке тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 18-бапта "Азаматтардың" деген сөз "Жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 21-баптың екінші бөлігінде "өз қаулысымен" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 24 - бапта:

екінші және үшінші бөліктерде "азаматтардың" деген сөздер "жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "азаматтар" деген сөз "жеке тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 27-баптың екінші бөлігінде "азаматтардың" деген сөз "жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 34 - бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар (бұдан әрі - жеке кәсіпкерлер), жекеше нотариус, адвокат, сол сияқты ұйымдық-билік ету немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын жеке кәсіпкердің және заңды тұлғаның қызметкерлері, сондай-ақ заңды тұлғалардың басшылары лауазымды адамдар ретінде әкімшілік жауаптылықта болады."

үшінші бөлік алынып тасталсын;

11) 36 - бапта:

бірінші бөлікте "тікелей" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Егер осы Кодекстің нормаларында олардың шағын немесе орта кәсіпкерлік, ірі бизнес субъектілері, немесе өзге де ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға қолданылатыны көрсетілмесе, осы нормалардың мәні бойынша олар тек шағын немесе орта кәсіпкерлік, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға ғана

қолданылуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, осы нормалар барлық заңды тұлғаларға қатысты бірдей дәрежеде қолданылады.";

12) 39-баптың үшінші бөлігінде "азаматтар" деген сөз "жеке тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 44-бап мынадай мазмұндағы 3-1 бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Әкімшілік жаза мүлдік залалдың орнын толтыру құралы болып табылмайды. Әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың орны осы Кодекстің 64-бабында белгіленген тәртіппен толтырылады.";

1 4) 4 5 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :

3), 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты өтемін төлеп алып қ о ю ;

4) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлдікті тәркілеу;"

8) тармақшада "өз бетімен" деген сөздер "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын; екінші бөлікте "қызметін" деген сөзден кейін "немесе оның жекелеген түрлеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

1 5) 4 6 - б а п т а :
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Арнаулы құқықтан айыру, лицензиядан (арнайы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру кәсіпкерлік қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, сондай-ақ шетел азаматтарын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге немесе азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен кетіру негізгі де, сол сияқты қосымша да әкімшілік жазалар ретінде қолданылуы мүмкін.";

үшінші бөлікте "немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер алынып тасталсын;

1 6) 4 8 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т і ң екінші абзацында:

"орындалмаған сомасының" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тасылатын не Қазақстан Республикасының аумағындағы Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзатын тауарлар құнының процентімен," деген сөздермен толықтырылсын;

"жүргізілген операциялар сомасының процентімен" деген сөздерден кейін "не қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасының көлемінде" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке адамға салынатын айыппұлдың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен кем болмайды. Лауазымды адамға, жеке кәсіпкерге, шағын және

орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға, сондай-ақ осы бөліктің екінші абзацында көрсетілгендерді қоспағанда, өзге де заңды тұлғаларға салынатын айыппұлдың мөлшері бес айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды.

Ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшері жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды.";

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"- төрт жүз айлық есептік көрсеткіштен, заңды тұлғаға - екі мың" деген сөздер ", жеке кәсіпкерге, осы бөліктің екінші абзацында көрсетілгендерді қоспағанда, заңды тұлғаларға - төрт жүз" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшерін екі мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың бірінші бөлігінің екінші абзацына сәйкес есептен шығарылған айыппұл осы бапта көрсетілген айыппұлдардың белгіленген мөлшерінен асатын немесе одан кем мөлшерде белгіленуі мүмкін.";

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"6. Заңды тұлғаларды шағын немесе орта кәсіпкерлік, ірі бизнес субъектілеріне жатқызу заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

17) 49-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты өтемін төлеп алып қою

1. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты өтемін төлеп алып қою, оны судья қаулысының негізінде мәжбүрлеп алып қоюдан және сот актілерін орындау үшін көзделген тәртіппен кейіннен өткізуден тұрады. Осындай заттарды өткізуден түскен соманы сот орындаушысы өткізу жөніндегі шығыстарды шегеріп, бұрынғы меншік иесіне береді.";

18) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу

1. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу оларды заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне мәжбүрлеп тегін аударудан тұрады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның заңсыз иелігінен олардың иесіне қайтарып беруге жататын, не айналымнан алынған заттарды алып қою тәркілеуге жатпайды. Айналымнан алынған заттар мемлекет меншігі айналысына жатқызылады немесе ж о й ы л у ғ а ж а т а д ы .

2. Тәртіп бұзушының меншігі болып табылатын зат қана тәркіленуі мүмкін.

3. Аңшылық қаруды, оның атыс оқ-дәрілерін және басқа да рұқсат етілген аң аулау және балық аулау құралдарын тәркілеуді аң аулау (балық аулау) өмір сүру құралдарының негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды.

4. Тәркілеуді судья қолданады және ол осы бөлімнің ерекше бөлімінің тиісті бабында әкімшілік жаза ретінде көзделген жағдайларда тағайындалуы мүмкін.";

19) 51-баптың бесінші бөлігінде "Аң аулау қаруларын" деген сөздерден кейін ", олардың оқ-дәрілерін" деген сөздермен толықтырылсын;

2 0) 5 2 - б а п т а :

бірінші бөлікте "Жеке кәсіпкерлерді немесе" деген сөздер "Жеке тұлғаларды, жеке кәсіпкерлерді және" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алынып тасталсын;

2 1) 5 3 - б а п т а :

тақырыпта "Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның" деген сөздер "Жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктер "заңды тұлғаның" деген сөздерден кейін "немесе оның жекелеген түрлерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлік алынып тасталсын;

22) 54-баптың тақырыбы мен мәтінінде "Өз бетімен" деген сөздер "Заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 3) 5 5 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік қамауға алуды судья ерекше жағдайларда жеке адамға қарсы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін он бес тәулікке дейін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны және (немесе) төтенше жағдай режимі талаптарын бұзғаны үшін отыз тәулікке дейінгі мерзімге тағайындайды.";

екінші бөлік алынып тасталсын;

24) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкімшілік жолмен кетіру

Шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкімшілік жолмен кетіруді судья осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша әкімшілік жазалау шарасы ретінде қолданады.";

25) 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Жол жүрісі ережелерін білуді тексеру

Осы Кодекстің 467-бабында (алтыншы бөлігінде) көзделген құқық бұзушылықтарды жасаған, сондай-ақ 462 (екінші бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде), 468 (бірінші және үшінші бөліктерінде) баптарында көзделген қайта құқық

бұзушылықтар жасаған кезде көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі ережелерін білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберілуі мүмкін. Ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелерінің (бөлімдерінің, басқармаларының, департаменттерінің) бастықтары мен олардың орынбасарлары жүргізушіні жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығаруға құқылы.";

26) 59-баптың бірінші бөлігінде "азаматтардың" деген сөз "жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 61-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын :

"8) әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсыз жасау";

28) 64-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"64-бап. Әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу

1. Судья мүліктік зиян келтірілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарай келіп, егер оның мөлшері туралы дау болмаса, әкімшілік жаза қолдану туралы мәселені шешу кезінде бір мезгілде осындай зиянды өндіріп алады.

Әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген мүліктік зиянының мөлшері туралы даулар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қарайтын істер бойынша мүліктік зиянды өтеу, кінәлі адам оны өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен жүргізіледі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген іскерлік беделді немесе моральдық зиянды қорғау туралы талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздемелер бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады.";

29) 70-баптың бірінші бөлігінде ", не жазаның қосымша түрінен" деген сөздер алынып тасталсын;

30) мынадай мазмұндағы 71-1-баппен толықтырылсын:

"71-1-бап. Жекеше сипаттағы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықтан босату

1. Осы кодекстің 9-1-тарауында, сондай-ақ 131, 158, 158-1, 174 (үшінші бөлігі) баптарында көзделген құқық бұзушылықтар туралы істер жәбірленушінің өтініші бойынша қозғалады және оның құқық бұзушылық жасаған адаммен бітімгершілікке келгенінен кейін тоқтатылуға жатады.

2. Бітімгершілікке келу жәбірленуші мен құқық бұзушылық жасаған адамның жазбаша келісімінің негізінде жүзеге асырылады.";

31) 73-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері он айлық есептік көрсеткіштің біреуінен аз болмауға және осы Кодекстің Ерекше бөлімінің бабында көзделген айыппұл мөлшеріне қарамастан он айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Айыппұл кәмелетке толмаған адамда бар мүліктің есебінен төленеді. Кәмелетке толмаған адамның айыппұл төлеу үшін мүлкі жеткілікті болмаған жағдайда, айыппұл ата-анасына немесе оларды ауыстыратын адамға салынады.";

32) 79-2-бап алынып тасталсын;

33) 79-3-баптың бірінші абзацында "орташа ауырлықтағы" деген сөздерден кейін "қылмыстық жазалау әрекеттерінің белгілері жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 82-баптың тақырыбында, бірінші абзацында және 83-баптың бірінші абзацында "Азаматтардың" деген сөз "Жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 5) 8 4 - б а п т а :

тақырыпта "Азаматқа" деген сөз "Жеке тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"Қылмыстық" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын;

"азаматтың" және "азаматқа" деген сөздер тиісінше "жеке тұлғаның" және "жеке тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші, төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

бесінші абзацта "Лауазымды адамның" деген сөздердің алдынан "3." деген санмен толықтырылсын;

алтыншы абзацта "екі жүзге" деген сөздер "жүзге" деген сөзбен ауыстырылсын;

36) 86-баптың бірінші абзацында "азаматқа" деген сөз "жеке тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 86-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге немесе шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

38) 87-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"87-бап. Еңбек туралы заңдарды бұзу

1. Жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның еңбек туралы заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзуы осы баптың үшінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, -

айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), - айлық есептік көрсеткіштің он бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

3. Жұмыс берушінің жалақыны заң актілерінде белгіленген толық көлемде және мерзімде төлемеуі, сол сияқты төлемді кідірту кезеңінде өсімпұлды есептемеуі және т ө л е м е у і , -

айлық есептік көрсеткіштің он бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), - айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Е с к е р т у .

1. Осы Кодексте жұмыс беруші деп оның басшысын (әкімшілігі) білдіретін заңды тұлға, не қызметкер онымен еңбек қатынастарында тұратын жеке адам танылады.

2. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған лауазымды адамдар деп, егер олар басқаратын ұйымдар жалақыны төлеуге қаражат беруді (аударуды) кідіртсе, атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың басшыларын түсінген жөн.";

39) 87-1-баптың екінші абзацында "заңды тұлғаға" деген сөздер "шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 0) 8 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөліктің сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға қырықтан сексенге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден

үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

41) 88-1-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, - аударылмаған (уақытында аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасының жиырма проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

42) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"89-бап. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау ережелерін бұзу

1. Жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның жазатайым жағдайға әкеп соқпаған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдарды бұзуы, - лауазымды адамға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған әрекеттер, - лауазымды адамға, жеке кәсіпкерлерге немесе шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуын бақылау және қадағалау жөніндегі міндеттерді лауазымды адамның жүзеге асырмауы, егер бұл абайсызда жеңіл дене жаракаты түрінде адам денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқса немесе оның өмірі мен денсаулығына көрінеу қауіп төндірсе, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

43) 96-баптың тақырыбында "Азаматтың" деген сөз "Жеке тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 97-баптың екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) мынадай мазмұндағы 111-1-баппен толықтырылсын:

"111-1-бап. Кәмелетке толмағанды әкімшілік құқық бұзушылықтар ж а с а у ғ а т а р т у

1. Кәмелетке толмағанды әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға тарту, егер бұл

іс-әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.";

46) 113-баптың екінші абзацында "екіге" деген сөз "онға" деген сөзбен ауыстырылсын;

47) 114 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"лауазымды адамдарға" деген сөздерден кейін және жеке кәсіпкерлерге" деген сөздермен толықтырылсын;

"оннан жиырмаға дейінгі" деген сөздер "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің он мөлшерінде, лауазымды адамдарға және жеке кәсіпкерлерге - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

48) 115-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -";

49) 116-баптың тақырыбында және бірінші абзацында "азаматтардың" деген сөз " жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 118 және 119-баптар алынып тасталсын;

51) 120 - бапта :

бірінші абзацта "өз бетімен" деген сөздер "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын; екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

52) 121 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5 3) 1 2 2 - б а п т а :

бірінші абзацта "өз бетімен" деген сөздер "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

54) 123-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

55) 124-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"124-бап. Суға мемлекеттік меншік құқығын бұзу

1. Су объектілерін заңсыз алып қою, суды заңсыз пайдалану, су пайдалану құқығын басқа біреуге беру, сондай-ақ мемлекеттің суға меншік құқығын тікелей немесе жасырын нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Лимиттерді бұза отырып су жинау, гидротехникалық жұмыстарды заңсыз жүргізу, жер асты және су объектілерінен алынған немесе бөлінген жер үсті суларын

ы с ы р а п қ о р л ы қ п е н п а й д а л а н у , -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері

немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

56) 125 және 126-баптар алынып тасталсын;

5 7)

1 2 7 - б а п т а :

тақырыпта және бірінші абзацта "өз бетімен" "өз бетінше" деген сөздер тиісінше " заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - отыздан алпысқа дейінгі, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

58) 128-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5 9)

1 2 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шығармалар мен фонограммалардың даналарын тәркілей отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - шығармалар мен фонограммалардың даналарын тәркілей отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

60) 130-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

61) 132, 133, 134-баптар алынып тасталсын;

62) 134-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

63) 135-бап алынып тасталсын;

64) 135-1-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

65) 137, 138, 139-баптар алынып тасталсын;

6 6) 1 4 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға - онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

шикізатты немесе тауарларды тәркілей отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

67) 142-бап алынып тасталсын;

68) 143-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің

жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

69) 144-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

70) 145-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

71) 146-бап алынып тасталсын;

7 2) 1 4 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүз елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістері, ақшалары, бағалы қағаздары тәркілене отырып, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

73) мынадай мазмұндағы 147-1-баппен толықтырылсын:

"147-1-бап. Мемлекеттік монополия туралы заңдарды бұзу

Мемлекеттік монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік монополия туралы заңдарында белгіленген шектеулерді сақтамауы, - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде мемлекеттік монополия субъектісіне айыппұл салуға әкеп соғады.";

74) 148, 149 және 150-баптар алынып тасталсын;

7 5) 1 5 1 - б а п т а :

бірінші абзацта "азаматтар (жеке кәсіпкерлер) және заңды тұлғалар қызметіне заңсыз араласуы, оның ішінде олардың кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіретін заңсыз актілер шығару және заңсыз тапсырмалар беру түрінде" деген сөздер "жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне заңсыз араласуы, олардың кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіретін заңсыз актілер шығару және заңсыз тапсырмалар беру арқылы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзацта "жүзге" деген сөз "жетпіске" деген сөзбен ауыстырылсын;

76) 152-бап алынып тасталсын;

7 7) 1 5 3 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"153-бап. Тексеруді заңсыз жүргізу";

бірінші бөліктің екінші абзацында "он беске" деген сөздер "жиырмаға" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші тармағында көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

7 8) 1 5 4 - б а п т а :

бірінші абзацта "азаматқа" деген сөз "жеке тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

7 9) 1 5 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"борышкер ұйымның лауазымды адамына немесе меншік иесіне - айлық есептік көрсеткіштің отыздан сексенге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамға, жеке кәсіпкерге - айлық есептік көрсеткіштің отыздан сексенге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

80) 156 - бапта :

бірінші абзацта "қабілетін туғызуы немесе ұлғайтуы" деген сөздер "қабілетіне жеткізу" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші абзацты мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жете жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

81) 157-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

82) 159 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айыру және қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу арқылы жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

83) 160 - бапта :

бірінші бөлікте :

бірінші абзацта "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші абзацта "жиырмадан" деген сөз "отыздан" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлікте :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,-";
екінші абзацында "жүзге" деген сөз "сексенге" деген сөзбен ауыстырылсын;
ү ш і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші абзацта "елуге" деген сөз "қырыққа" деген сөзбен ауыстырылсын;

84) 161-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"161-бап. Сауда қызметін реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу

1. Сатып алушының өтініші бойынша тауар, оның шыққан орны, дайындаушысы, тұтыну қасиеттері, кепілдік берілген міндеттемелер және талап қою тәртібі туралы қажетті ақпаратты ұсынбау, -

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - екіден беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Бақылау-өлшеу приборларын орналастыру тәртібін бұзу, -
ескерту жасауға немесе жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің екіден үшке дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Базар әкімшілігінің базар аумағын уақытылы тазартуды және абаттандыруды қамтамасыз ету, базарда тазалық күнін өткізу және базар аумағында объектілерге және сауда орындарына энергиямен, сумен, жылумен жабдықтау бөлігіндегі сервистік қызмет көрсету жөніндегі талаптарды бұзуы, -

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Сауда қызметі субъектілерінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарсыз сатылу уақытында сапасын жоғалтқан және сапасыздық разрядына өткен және/немесе тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарына жауап-бермейтін тауарларды (соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына одан тыс жерлерден әкелінген) сатуы, сол сияқты тауарлардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін куәландыратын ресми құжатты заңсыз пайдалануы, -
тауарларын тәркілей отыра немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік

көрсеткіштен үштен жетіге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың бірінші-төртінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер),

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

85) 162-баптың екінші абзацында "жиырма беске дейінгі" деген сөздер "оннан жиырма беске дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

86) 163, 163-1 және 164-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"163-бап. Этил спирті немесе алкогольді өнімдер айналымы ережелерін бұзу, сол сияқты белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру

1. Этил спирті немесе алкогольді өнімдер айналымы ережелерін бұзу, сол сияқты тұтынушының өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін этил спирті мен алкоголь өнімін өткізу мақсатында өндіру, -

құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болған тауарларды, құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді тәркілей отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болған тауарларды, құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді тәркілей отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

163-1-бап. Темекі бұйымының маркасын пайдалану

1. Темекі бұйымдарының өздерін немесе темекі бұйымы сатылатын немесе тасымалданатын кез келген қораптарды, қаптамаларды қоспағанда, өзінде темекі бұйымының маркасы бар кез келген тауарларды тарату, көрмеге қою, сату, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

164-бап. Тауарларды құжаттарсыз сату

1. Тауарларды жеке кәсіпкерлердің және сауда қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың жасалған елі туралы, дайындаушысы, жеткізушісі немесе сатушысы туралы не тауар (қызмет) туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде анық және жеткілікті ақпараты бар құжаттарсыз сатуы, - жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сексеннен жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

87) 166-баптың екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

88) мынадай мазмұндағы 166-1-баппен толықтырылсын:

"166-1-бап. Ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тарту

1. Қазақстан Республикасы аумағында айналымдағы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қабылдауға жататын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын нақты құны бойынша қабылдаудан бас тарту, - жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің он мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы аумағында айналымдағы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қабылдауға жататын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан, ұсақтау мен а й ы р б а с т а у д а н б а с т а р т у ы , - айлық есептік көрсеткіштің елу мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

89) 168-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүзден тоғыз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

90) 168-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - мәміле сомасының оннан бір процентіне дейінгі не операциялар бойынша алынған кіріс сомасының отыз процентіне дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға мәміле сомасының оннан бір процентіне дейінгі не операциялар бойынша алынған кіріс сомасының елу процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

үшінші бөлік алынып тасталсын;

91) 168-2-бап мынадай мазмұндағы 4-1 бөлікпен толықтырылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін банктердің әлденеше рет бұзуы, - заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

92) 169-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің қырық мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпыс мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9 3) 1 7 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бір жарым мың мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9 4) 1 7 0 - 1 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "Осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздер "Осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекетті қоспағанда" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"жүзден екі жүзге дейінгі" деген сөздер "жүз" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бес жүзден мыңға дейін" деген сөздер "сегіз жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"екі жүзден төрт жүзге дейінгі" деген сөздер "үш жүз" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"бір мыңнан екі мыңға дейінгі" деген сөздер "бір жарым мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 5) 1 7 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"171-бап. Мәліметтерді табыс ету туралы банк заңдарының талаптарын сақтамау";

бірінші абзац "сол сияқты" деген сөздерден кейін "ақпаратты" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің отыздан алпысқа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9 6) 1 7 3 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші абзацында "төрт жүз елуге дейінгі" деген сөздер "жүзден төрт жүз елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацында "бес жүзге дейінгі" деген сөздер "екі жүзден бес жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші бөліктердің екінші абзацында "елуге дейінгі" деген сөздер "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөліктің екінші абзацында "екі жүзге дейінгі" деген сөздер "екі жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің елу мөлшерінде, заңды тұлғаға - есепке дұрыс алынбаған соманың бес проценті, бірақ жүзден кен емес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

он бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің елу мөлшерінде, заңды тұлғаға - бес жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

он екінші бөліктің екінші абзацында "жүзге дейінгі" деген сөздер "жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші бөліктің екінші абзацында "елуге дейінгі" деген сөздер "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;

он төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің елу мөлшерінде, заңды тұлғаға жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

он бесінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

он алтыншы бөліктің екінші абзацында "көрсеткішке дейінгі" деген сөздер "көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

97) 174-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9 8) 1 7 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"елуге дейінгі" деген сөздер "жиырмадан елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бес жүзге дейінгі" деген сөздер "екі жүзден бес жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен жетіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9 9) 1 7 6 - б а п т а :

екінші бөлікте:

бірінші абзацта "азаматқа" деген сөз "жеке тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздерден кейін "елуден" деген сөзбен толықтырылсын;

100) 177-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

1 0 1) 1 7 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүз қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлікте:

бірінші абзацта "шаруашылық субъектілерінің меншік иелеріне" деген сөздер "заңды тұлғаның құрылтайшыларына (қатысушыларына)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға үш жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаға - есепке алынбаған соманың елу процентіне дейінгі

мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың жүз процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."; төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаға - есепке алынбаған соманың елу процентіне дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың жүз процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

102) 180-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"180-бап. Валюта операциялары бойынша есеп-қисап табыс ету ережелерін бұзу

1. Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының валюта заңдарына сәйкес талап етілетін валюта операциялары бойынша есеп-қисапты дер кезінде (заңнамада белгіленген мерзімнен күні асқан мерзімде) табыс етпеуі немесе дұрыс емес е с е п - қ и с а п т ы т а б ы с е т у і , -

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Табыс етпеу, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан сексенге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

103) 181-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі немесе коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаға - анықтама-сертификат жазылған соманың жетпіс процентіне дейінгі мөлшерде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға анықтама-сертификат жазылған соманың жүз процентіне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.";

104) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"182-бап. Валюта операциялары туралы хабарламаны растауды, сондай-ақ валюта операцияларына тіркеу куәлігі мен лицензия алу үшін құжаттар беру мерзімін бұзу

Жеке және заңды тұлғалардың валюта операциялары туралы хабарламаны растауды алу үшін, валюта операцияларына тіркеу куәлігін алу үшін, валюта операцияларына лицензия алу үшін құжаттар беру мерзімін бұзуы, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге - екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

105) 183-баптың екінші абзацында "жиырма беске дейінгі" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

106) 184-баптың екінші абзацында:

"жиырма беске дейінгі" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;
"екі жүз елуге дейінгі" деген сөздер "екі жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

107) 185-бапта:

бірінші абзацта "әкеп соғатын" деген сөздерден кейін "көрінеу" деген сөзбен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамға, жеке кәсіпкерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

108) 186-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ұйым басшысына, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаға екі жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

109) 187-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"187-бап. Ұлттық және шетелдік валюта түріндегі қаражатты шетелден қайтармау, сол сияқты импорттық мәмілелер бойынша алынатын тауарды алмау не ақшаны қайтармау

1. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алу не ақшаны қайтару валюталық реттеу туралы заң актілеріне сәйкес міндетті болған жағдайда, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алмау не Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуді көздейтін импорттық мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін резиденттің резидент еместің пайдасына аударған уәкілеттік берілген банктердегі есепшоттарға есептелуге жататын ақшаны қайтармау, -

жеке тұлғалар мен лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларды қоспағанда тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импортына, экспортына байланысты мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасының уәкілеттік берілген банктеріндегі есепшоттарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті аударылуға

инвестициялық қордың дұрыс емес, толық емес немесе жаңылдыруға әкелетін ақпаратты тарту және жариялау, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

114) 204-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

1 1 5) 2 0 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - есепке тұрмаған әр айы үшін салық салынатын айналым сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға есепке тұрмаған әр айы үшін салық салынатын айналым сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыздан алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

бесінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып

табылатын заңды тұлғаларға - алпыстан жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

116) 205-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 1 7) 2 0 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпыстан сексенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің он бестен қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 1 8) 2 0 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің оннан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - есепке алынбаған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) құнының бес проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - есепке алынбаған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) құнының он проценті мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы . " ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - есепке алынбаған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) құнының он проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - есепке алынбаған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) құнының жиырма проценті мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы . " ;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - есепке алынбаған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) құнының бес проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

119) 208-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бес мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің отыз бес мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүргізілген есеп айырысу сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүргізілген есеп айырысу сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 2 0) 2 0 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің елу мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдердің үстеп есептелген сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің үстеп есептелген сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - декларацияда өсіріп көрсетілген залал сомасынан есептелген корпоративтік табыс салығы немесе жеке табыс салығы сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға декларацияда өсіріп көрсетілген залал сомасынан есептелген корпоративтік табыс салығы сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - ағымдағы төлемдердің кемітіп көрсетілген сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға ағымдағы төлемдердің кемітіп көрсетілген сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

алтыншы бөліктің екінші абзацында "елу" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 2 1) 2 1 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға салықтың және басқа да міндетті төлемдердің аударылмаған сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға салықтың және басқа да міндетті төлемдердің ұстап қалмаған сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

122) 211-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің отыз бес мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға шот-фактураға енгізілген, қосымша құн салығы сомасының жүз жиырма проценті

мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға шот-фактураға енгізілген, қосымша құн салығы сомасының екі жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 2 3) 2 1 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында "оннан жиырмаға дейінгі" деген сөздер "он бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, -";

екінші абзацында "жиырмадан қырыққа дейінгі" деген сөздер "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 2 4) 2 1 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"акцизделетін тауарлары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жауапкершілік қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, -

акцизделетін тауарлары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - қырықтан сексенге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға мың мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

125) 214-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"таңбалау тәртібі мен ережелері бұзылып таңбаланған тауарлары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жеке кәсіпкерлерге - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

126) 215-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, -";

127) 216-баптың бірінші абзацының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

1 2 8) 2 1 9 - б а п т а :

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

1 2 9) 2 2 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 3 0) 2 2 1 - б а п т а :

бірінші абзацта "төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет органының" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органдардың";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 3 1) 2 2 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензиясынан, атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің белгілі бір түріне арнайы рұқсаттан айыра отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын

заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензиясынан, атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің белгілі бір түріне арнайы рұқсаттан айыра отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

132) 223-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

133) 224-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

134) 225-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

135) 225-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 3 6) 2 2 9 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "өз бетімен" деген сөздер "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

137) 230-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 3 8) 2 3 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - қызметтің тиісті түріне лицензиядан айыра отырып немесе онсыз, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 3 9) 2 3 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензия күшін тоқтата отырып немесе онсыз, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметтің тиісті түріне лицензиядан айыра отырып не онсыз, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден сегіз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 4 0) 2 3 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жүргізіліп жатқан жұмыстарын тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лицензиядан айыра отырып не онсыз және жүргізіліп жатқан жұмыстарын тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

141) 234-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 4 2) 2 3 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

143) 236-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - мемлекеттік қабылдау комиссиясының мүшелеріне - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі

мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 4 4) 2 3 7 - б а п т а :

тақырыпта және бірінші абзацта "өз бетімен" деген сөздер "заңсыз" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңсыз тұрғызған немесе тұрғызылып жатқан құрылысын мәжбүрлеп құлата отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 4 5) 2 3 8 - б а п т а :

тақырыпта және бірінші абзацта "өз бетімен" деген сөздер "заңсыз" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

146) 239-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 4 7) 2 4 0 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "талаптарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ гигиеналық нормативтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі

мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

148) 241-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 4 9) 2 4 2 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші абзацы "тасталуы мен шығарылуы" деген сөздерден кейін ", қалдықтарды орналастыру" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацында "жиырма беске дейінгі" деген сөздер "жиырма бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

150) 243-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкасының мың проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

151) 244-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"244-бап. Атмосфераға шығарылған қалдықтарды тазалауға және қалдық суларды ағызуға арналған жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу, сондай-ақ пайдаланбау

Атмосфераға шығарылған қалдықтарды тазалауға және қалдық суларды ағызуға арналған жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу сондай-ақ пайдаланбау, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

152) 245-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 5 3) 2 4 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он

бестен отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,

-

қызметін тоқтата тұрып немесе тыйым салып, не онысыз, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің отыздан алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 5 4) 2 4 7 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацта "азаматтардың" деген сөз "жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"ескерту жасауға" деген сөздердің алдынан "жеке тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын ;

"екіге дейінгі" деген сөздер "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бес мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

155) 248-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"248-бап. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі заңнаманы бұзу

1. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмейтін жаңа және қайта жаңғыртылған кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді п а й д а л а н у ғ а а л у , -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмейтін жаңа және қайта жаңғыртылған кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді п а й д а л а н у , -

лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

156) 249-баптың екінші абзацында:

"азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;
"елуге дейінгі" деген сөздер "отыздан қырыққа дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

157) 250 - бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацта "өз бетімен" деген сөз "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;
екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

158) 251-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"251-бап. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерді тиімсіз пайдалану немесе пайдаланбау

Топырақ құнарлылығының төмендеуіне әкеп соқтыратын ауыл шаруашылық мақсатындағы жерді тиімсіз пайдалану немесе пайдаланбау, - ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

159) 252 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

160) 253-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

161) 254-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүз онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

162) 255-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 6 3) 2 5 6 - б а п т а :

бірінші абзацта "Азаматтардың" деген сөз "Жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші абзацта "елуге дейінгі" деген сөздер "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 6 4) 2 5 7 - б а п т а :

тақырыбы "жер учаскелері" деген сөздерден кейін ", арнайы жер қоры" деген сөздермен толықтырылсын ;

бірінші абзацта "жер учаскелері" деген сөздерден кейін ", арнайы жер қоры" деген сөздермен толықтырылсын;

165) 258-баптың екінші абзацында "жиырмаға дейінгі" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

166) 259-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің отыз мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

167) 261-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға

отыз мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға тигізген зияны сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

168) 262-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

169) 263-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елу мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

170) 264-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елу мөлшерінде ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

171) 265-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бес мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға тигізген зияны сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

172) 266-бап алынып тасталсын;

173) 267-баптың екінші абзацындағы "жиырма беске дейінгі" деген сөздер "оннан жиырмаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

174) 268-баптың екінші абзацында "жиырма беске дейінгі" деген сөздер "оннан жиырмаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

175) 270-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

176) 271-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар тәркіленіп, кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен лицензиясыз айналысқан жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық салдарынан алынған кіріс (дивидендтер), ақша, бағалы қағаздар қосымша тәркіленіп, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

357-2-бап. Лицензиялау ережелері мен нормаларын бұзу

1. Заңдарда белгіленген лицензиялық ережелер мен нормаларды бұзу, соның ішінде лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, - белгілі бір қызмет түріне лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан лицензиялық ережелер мен нормаларды бұзушылықтарды жоюға, - белгілі бір қызмет түріне берілген лицензиядан айыра отырып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

357-3-бап. Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға лицензия, арнайы рұқсат, біліктілік аттестатын (куәлігін) беру тәртібі мен мерзімін бұзу

1. Кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға лицензия, арнайы рұқсат, біліктілік аттестатын (куәлігін) беру мерзімін бұзу, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Лицензияны, арнайы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін) заңдарда белгіленген тәртіпті бұза отырып беру, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза

қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -
лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің оң бестен жиырмаға дейінгі
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

357-4-бап. Заңды тұлғаларды, филиалдарды, өкілдіктерді
мемлекеттік тіркеу туралы заңнаманы бұзу

1. Заңдарда көзделген жағдайларда заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті қайта
тіркемей жүзеге асыру, -

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға
немесе коммерциялық емес ұйымдарға, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі
мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырыққа
дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңды тұлғаның мекен-жайының өзгеруі туралы тіркеуші органға уақытында
хабарламау, -

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға
немесе коммерциялық емес ұйымдарға, - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі
мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отызға
дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

261) 358-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза
қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

262) 360-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза
қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

263) 361-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін
бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

264) 362-баптың 2), 10) тармақшаларында "азаматтар", "азаматтардың" деген сөздер
"жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

265) 363-баптың бірінші абзацындағы "азаматтардың" деген сөздер "жеке
тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

266) 364-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке
тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

267) 366-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін
бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

268) 368 - бапта :

тақырыбында және бірінші бөліктің бірінші абзацында "азаматтардың" деген сөз "
жеке тұлғалардың" деген сөзбен ауыстырылсын;
екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

269) 369-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында "азаматтардың" деген сөз "жеке тұлғалардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

270) 370-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

271) 371-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

272) 372-бапта "азаматтардың" деген сөз "жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 7 3) 3 7 4 - б а п т а :

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты осы баптың үшінші бөлігінде көзделген бұзушылықтарды жоймау, -";

274) 375-баптың бірінші және екінші бөліктеріндегі бірінші абзацтарында "азаматтарды", "азаматтардың" деген сөздер "жеке тұлғаларды", "жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

275) 378-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

2 7 6) 3 8 0 - б а п т а :

бірінші абзацта "соның ішінде шетелдік төлқұжат," деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

277) 381-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"381-бап. Мемлекеттік статистикалық есеп-қисап және бақылау деректерін беруден бас тарту, бермеу, уақытында бермеу, дұрыс бермеу

1. Бухгалтерлік баланстарды және есеп берулерді қоса алғанда, белгіленген мемлекеттік статистикалық есеп-қисап және бақылау деректерін тиісті статистикалық органдарға беруден бас тарту, бермеу, сол сияқты қасақана дәйексіз есеп-қисап беру, - жеке және заңды тұлғаларға ескерту беруге әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін

қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бес мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға он мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

278) мынадай мазмұндағы 381-1-баппен толықтырылсын:

381-1-бап. Құқықтық статистика мен арнайы есеп деректерін беруден бас тарту, бермеу, уақытында бермеу, жасыру, қосып жазу және басқа да бұрмалаушылықтар

Құқықтық статистика мен арнайы есеп деректерін құқықтық статистика мен арнайы есептерді жүзеге асыратын мемлекеттік органға беруден бас тарту, бермеу, оларды белгіленген мерзімді бұзып беру, жасыру, қосып жазу, басқа да қасақана бұрмалаушылықтар, сол сияқты құқықтық статистикалық ақпаратты және арнайы есептер мәліметтерін алуға қандай да бір нысанда болсын кедергі жасау, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

279) 387 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

280) 389-баптың екінші бөлігінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

281) 390-баптың бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

282) 391 - 1 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға және жеке кәсіпкерлерге, сондай-ақ шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге

дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөліктің екінші абзацында "он тәулікке дейінгі" деген сөздердің алдынан " айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе " деген сөздермен толықтырылсын;

283) 394-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы "он бес тәулікке дейінгі" деген сөздердің алдынан "айлық есептік көрсеткіштің қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

284) 395-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік немесе коммерциялық емес ұйымдардың субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 8 5) 3 9 6 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і г і н і ң

бірінші абзацында "өз бетімен" деген сөз "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік немесе коммерциялық емес ұйымдардың субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

286) 399-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

287) 400-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға не жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

288) 401-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға ескерту жасауға не айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

289) 402 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға ескерту жасауға не айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

290) 403-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

291) 404-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

292) 410 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан

жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыз бес процент мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының елу процент мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жетпіс процент мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

293) 414-баптың бірінші абзацында "тауарлар мен көлік құралдарына кеден декларациясын, сол сияқты" деген сөздер алынып тасталсын;

294) 416-бап алынып тасталсын;

2 9 5) 4 1 7 - б а п т а :

бірінші абзацта ", 416" саны алынып тасталсын:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

296) 418-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстандық тауарлардың қайта өңдеу өнімдерін басқа тауарлармен ауыстырудың белгіленген тәртібін бұзу, - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не лицензияның, тауарды қайта өңдеуге арнайы рұқсатының қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соғады.";

297) 419 және 420-баптар алынып тасталсын;

2 9 8) 4 2 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыз бес процент мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының елу процент мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жетпіс процент мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

299) 423-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде,

ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

300) 424-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 0 1) 4 2 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының

заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыз бес процент мөлшерінде , жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының елу процент мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жетпіс процент мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

302) 427-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

303) 428-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 0 4) 4 2 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процентке дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процентке дейінгі мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыз бес процент мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының елу процент мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жетпіс процент мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 0 5) 4 3 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының оннан жиырма бес процентке дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып

орналастырылған тауарлар құнының жиырмадан қырық процент мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыздан елу процент мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады." ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының отыз бес процент мөлшерінде , жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының елу процент мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып орналастырылған тауарлар құнының жетпіс процент мөлшерінде, бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады." ;

306) 431-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

307) 434-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензияның, арнаулы рұқсаттың немесе біліктілік аттестатының (куәлігінің) қолданылуы тоқтатыла тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, коммерциялық емес ұйымдар орындалмаған салық міндеттемесі сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде, бірақ екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады." ;

308) 436 және 437-баптар алынып тасталсын;

3 0 9)

4 3 9 - б а п т а :

бірінші және екінші бөліктердің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке

тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"6. Темір жолдарды техникалық пайдалану ережелерінің талаптарын бұзу, - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен он проценті мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отыз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

310) 440-баптың бірінші және екінші бөліктерінің бірінші абзацында "өз бетінше" деген сөз "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 1 1) 4 4 2 - б а п т а :

бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

312) 443-баптың бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 1 3) 4 4 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында "жиырмадан" деген сөз "оннан" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

314) 447-1-баптың бірінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 1 5) 4 4 7 - 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"447-4-бап. Шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру";

екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

316) 449-баптың екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 1 7) 4 5 0 - б а п т а :

екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертуде "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 1 8) 4 5 5 - б а п т а :

бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацында "өз бетінше" деген сөздер "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

319) 457-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 2 0) 4 5 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 2 1) 4 6 0 - б а п т а :

бірінші абзацында "Көлікте" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 2 2) 4 6 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы "тасымалдау" деген сөзден кейін "көлік құралдарымен жүру кезінде олар жабдықталған сақтандыру белдіктерімен, мотоциклдарды жүргізу және онда жолаушыларды тасымалдау кезінде мотошлемдерді пайдалану," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

323) 465-баптың екінші абзацында "үш айдан" деген сөз "алты айдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

324) 467-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацында "жеңіл" деген сөз алынып тасталсын, "денсаулығына" деген сөзден кейін "қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

3 2 5) 4 6 7 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бестен он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын

заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің он бестен отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 2 6) 4 6 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацында "елеусіз" деген сөз алынып тасталсын;
бірінші бөліктің екінші абзацында "айыппұл салуға" деген сөзден кейін "немесе алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацында:

"денсаулығына" деген сөзден кейін "қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

"жеңіл" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацында ", сол сияқты жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану ережелерін елеулі материалдық залал шектіріп бұзу" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

ескерту алынып тасталсын;

327) 472-баптың екінші бөлігінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 2 8) 4 7 3 - б а п т а :

екінші бөліктің бірінші абзацында:

"жеңіл" деген сөз алынып тасталсын;

"денсаулығына" деген сөзден кейін "қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Жаяу жүргіншілердің және жол қозғалысына өзге де қатысушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелерінің талаптарын ж ү й е л і б ұ з у , -

айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 2 9) 4 7 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштен қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

330) 475-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жүз мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

331) 477-баптың екінші және үшінші бөліктерінің екінші абзацында "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

332) 480-1-баппен толықтырылсын:

"480-1-бап. Темір жол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату, олардың қолданылу мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыру ережелерін бұзу

Темір жол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату, олардың қолданылу мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыру ережелерін бұзу, - шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

333) 483-баптың екінші абзацындағы "азаматтарға" деген сөз "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 3 4) 4 8 4 - б а п т а :

тақырыпта "азаматтардың" деген сөз "жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші және екінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірнеше" деген сөз "екі және одан да көп" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші және екінші бөліктің екінші абзацындағы "азаматтарды" деген сөз "жеке тұлғаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 3 5) 4 8 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғалар айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде,

лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 3 6) 4 8 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жолдардың, темір жол өткелдерінің, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарын және басқа жол құрылғыларының жай-күйіне жауапты лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жолдардың, темір жол өткелдерінің, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдардың және басқа жол құрылғыларының жай-күйіне жауапты лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 3 7) 4 8 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жерасты коммуникацияларының күтіп-ұсталуына жауапты лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жерасты коммуникацияларының күтіп-ұсталуына жауапты лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің отыз мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 3 8) 4 8 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

339) 489-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

340) 490-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бірге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

341) 491-бап алынып тасталсын;

3 4 2) 4 9 2 - б а п т а :

тақырыбында және бірінші бөліктің бірінші абзацында "өз бетінше" деген сөздер " заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға қырық мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

